Әлеуметтік және қоғамдық ғылымдар
Социальные и общественные науки
Social and Public Sciences

МРНТИ: 14.35.09 https://doi.org/10.65247/3136-8042-2026-3.06

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

*[1]*А.НҰРЛАНОВА*, [1]*И.Ж.ЕРМУХАНОВА*
Баишев университеті
(Ақтөбе, Қазақстан)
*aidananurlanova93@gmail.com, Yermukhanovaindira85@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада бастауыш сынып оқушыларына патриоттық тәрбие берудегі «Әдебиеттік оқу» пәнінің маңызы жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында бастауыш сыныптарға арналған «Әдебиеттік оқу» оқулықтарындағы патриоттық мазмұндағы шығармалар іріктеліп, олардың идеялық-тақырыптық, тәрбиелік мәніне толық талдау жасалады. Оқулықта берілген көркем мәтіндер арқылы оқушылардың отансүйгіштік сезімін қалыптастыру, туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттыру мүмкіндіктері пайымдалады. Сонымен қатар мақалада бастауыш сыныпта патриоттық тәрбие берудің өзектілігі мен маңыздылығы ғылыми тұрғыда негізделеді. Оқушылардың ұлттық құндылықтарды тануы, тарихи санасының қалыптасуы мен азаматтық ұстанымының дамуы бастауыш кезеңнен басталатыны атап өтіледі. Мақалада Ақтөбе өңірінен шыққан ақын-жазушылардың шығармаларына ерекше назар аударылып, олардың әдеби мұрасының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие берудегі маңыздылығы айқындалады. Аймақтық әдебиетті оқу үдерісіне енгізу арқылы оқушылардың туған өлке тарихы мен мәдениетіне қызығушылығын арттыру мүмкіндіктері қарастырылады.
Түйін сөздер: патриоттық тәрбие, бастауыш сынып, «Әдебиеттік оқу», аймақтық әдебиет, болашақ мұғалімдерді даярлау.

Проблема патриотического образования в учебниках для начальных классов

[1]А.Нұрланова, [1]И.Ж.Ермуханова
[1]Университет Баишева (Актобе, Казахстан)

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается значение предмета «Литературное чтение» в патриотическом воспитании учащихся начальной школы. В ходе исследования были отобраны произведения патриотического содержания из учебников «Литературное чтение» для начальной школы, и всесторонне проанализировано их идеологическое, тематическое и воспитательное значение. Рассмотрены возможности формирования у учащихся чувства патриотизма и повышения их любви к родине и стране посредством литературных текстов, представленных в учебнике. В статье также научно обосновывается актуальность и важность патриотического воспитания в начальной школе. Отмечается, что осознание учащимися национальных ценностей, формирование исторического сознания и развитие гражданских взглядов начинаются в раннем возрасте. В статье особое внимание уделяется творчеству поэтов и писателей Актюбинской области, подчеркивается важность их литературного наследия в патриотическом воспитании молодого поколения. Рассматриваются возможности повышения интереса учащихся к истории и культуре родины путем включения региональной литературы в образовательный процесс.
Ключевые слова: патриотическое воспитание, начальная школа, «Литературное чтение», региональная литература, подготовка будущих учителей.

The problem of patriotic education in primary school textbooks

[1]A.A.Nurlanova, [1]I.Zh.Ermukhanova
[1]Baishev University (Aktobe, Kazakhstan)

Abstract. This article comprehensively examines the importance of the subject “Literary Reading” in the patriotic education of primary school students. Patriotic works from "Literary Reading" textbooks for primary school were selected for the study, and their ideological, thematic, and educational significance were comprehensively analyzed. The article explores the potential for fostering students' patriotism and increasing their love for their homeland and country through the literary texts presented in the textbook. The article also provides a scientific justification for the relevance and importance of patriotic education in primary school. It notes that students' awareness of national values, the formation of historical consciousness, and the development of civic views begin at an early age. The article pays particular attention to the work of poets and writers of the Aktobe region, emphasizing the importance of their literary heritage in the patriotic education of the younger generation. It also explores the possibilities of increasing students' interest in the history and culture of their homeland by incorporating regional literature into the educational process. At the same time, the role of the list of pedagogical disciplines in higher educational institutions in the preparation of future teachers of patriotic education is analyzed.
Keywords: patriotic education, primary school, “Literary Reading”, regional literature, training of future teachers.

Кіріспе

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық болмысты сақтай отырып, жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеу – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі. Әсіресе бастауыш сынып кезеңі баланың тұлғалық қасиеттері қалыптасатын, дүниетанымы мен құндылықтық бағдарларының негізі қаланатын маңызды саты болып табылады. Осы кезеңде берілген тәрбиелік мазмұн баланың болашақтағы азаматтық ұстанымына тікелей ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының білім беру бағдарламаларында патриоттық тәрбие мәселесіне ерекше назар аударылады. Бұл бағыт оқушылардың туған жерге, елге, мемлекеттік рәміздерге, ана тіліне, ұлттық мәдениет пен табиғатқа деген құрметі мен сүйіспеншілігін қалыптастыруды көздейді. Патриоттық тәрбие тек тәрбие сағаттарымен шектелмей, барлық оқу пәндерінің мазмұны арқылы кешенді түрде жүзеге асырылады.

Негізгі бөлім

Қазақстан республикасының Білім туралы заңында бастауыш сыныпта берілетін білім мен тәрбиеге маңызды орын берілген. Өйткені еліміздің болашағының іргетасы осы мектеп сатысында қалыптасады [ҚР Заңы, 2007].

Патриоттық тәрбиеге жүйелі тәсіл патриотизм ұғымы бойынша бірнеше ғылыми салалардан (тарих, әдебиет, мәдениет, философия, педагогика) алынған фактілерді қорытындылау арқылы біржақты білім беру тәсілдерін жеңуге көмектеседі. Бастауыш сынып оқушыларында патриоттық мәдениетті дамытудың негізгі мақсаттарының бірі - патриоттық тәрбие жүйесінің мазмұны мен әлеуметтік-мәдени ортаның бірлігі. Құрдастарымен өзара әрекеттесу және өзін-өзі тануға және қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған іс-шараларға қатысу маңызды. Біз ел мен аймақтың табиғи, мәдени, тарихи, әлеуметтік-экономикалық ерекшелігі білім беру мазмұнын - патриоттық мәдениеттің білім компонентін таңдауды анықтайды деп санаймыз. Туған жердің мәдениетін меңгеру мектеп оқушыларына туған жерін бағалауға және демек, патриоттық бағыттағы іс-шараларға қажеттілікті сезінуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар жақын орта мен әлеуметтік жағдайларға бейімделуге көмектеседі, бастауыш сыныпта патриоттық тәрбие маңызды факторы болып табылатынын баса айтады [Kairova A. et al., 2025].

Ақтөбе облысының құрметті азаматы, профессор Амангелді Айталы «Бастауыш сыныпта баланың бойына сіңірген білім мен тәрбие ісіне жұмсалған қаражат ең тиімді ұлттық инвестиция» деп есептейді, яғни баланы тәрбиелеу неғұрлым ертерек басталса, соғұрлым нәтижесі де сапалы болмақ» [Ермуханова И.Ж., Дуйсенбаев А.К., 2023: 170 б.].

Бастауыш мектеп жасындағы балалар өте сезімтал, көп нәрсеге қызығушылық танытады, олар барлық бастамаларға оңай жауап береді, шын жүректен жанашырлық танытады. Дәл осы кезеңде баланың рухани-адамгершілік негізі, сезімдері, эмоциялары, ойлауы, қоғамдағы

әлеуметтік бейімделу механизмдері қалыптасады, қоршаған әлемде өзін-өзі тану процесі басталады, ондағы жеке актуализация басталады. Адам өмірінің бұл сегменті балаға эмоционалды және психологиялық әсер ету үшін ең қолайлы, өйткені оның қабылдау бейнелері өте күшті және жарқын. Бұл оларды ұзақ уақыт, кейде өмір бойы есте сақтауға мүмкіндік береді, бұл патриотизмді тәрбиелеуде өте маңызды деген пайымдауға келу де, тектен тек емес, өйткені шынымен де, бастауышта берілген патриоттық білім баланың өмір бойына азық болады [Сыдықова Р.Ш., Мухамеджанова И., 2022].

Ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтерілетін ұлы сезім иесі болу үшін жастайынан сана-сезіміне әсер ететін өз туған өлкесінен шыққан ақын-жыршыларды танып-білу, шығармашылығымен танысып, рухты өлеңдерін жаттау, бойына сіңіру – тәрбиенің бастауы. «Қазақтардың арғытүптік дүниетанымынан бастап, ондағы тұрмыс салт ерекшеліктерін, номадологиялық өмір сүру шарттарын байыптай отырып, ұлттық рух пен әлеуметтік ортада жетілуі туралы тәрбиелік қағидаларын дамытып, бүгінгі ұрпақты ерлікке, отансүйгіштікке, батырлыққа баулуда ұлттық құндылықтарымызбен дүниетанымымыздың дәйектілігін аңғарамыз» [Дүйсенбаев А.Қ., 2021, 263-б] деп есептейді отандық ғалым Абай Дүйсенбаев, сөзінің жаны бар деп есептейміз. Қазақ халқы «баланы жастан» позициясын ұстана отырып, өмірлік қағидаттарын биік ұстаған.

Зерттеудің әдіснамасы

Қазақ халқының тағылымдық мұраларындағы отансүйгіштік тәрбие берудің ғылыми-әдіснамалық негіздері тарих, әдебиет, аймақтық әдебиет, этнография, этнопедагогика қағидаларына сүйене отырып зерделенеді.

Нәтижелер

Бастауыш сыныптарға арналған «Атамұра» баспасынан шығатын «Әдебиеттік оқу» оқулығы еліміздің патриоттарын тәрбиелеуге арналған сан түрлі тақырыптарды қамтитын, сананы оятатын, адами қасиеттерге баулитын кешен. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, орта, негізгі, жалпы білім беру) жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына сай әзірленген [ҚР Білім беру стандарты].

Оқулықтың мақсаты да – бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Сонымен қатар бағдарламаның міндеттерінің бірі - әдеби көркем шығармаларды оқыту арқылы қазақтың рухани қазынасын меңгерту. Мақалада бастауыш сынып білім беру бағдарламаларындағы патриоттық тәрбие беру мәселесінің көріністері 2, 3, 4-сыныптарға арналған аталған «Әдебиеттік оқу» оқулықтары негізінде талданып, сараланады.

Әдебиеттік оқу пәні - оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда жетекші орын алатын пәндердің бірі. Оқулықтарда Отан, туған жер, ел, табиғат тақырыптарына арналған өлеңдер мен шағын әңгімелер кеңінен қамтылған. Қазақстанның табиғаты, ел бірлігі мен бейбіт өмір көркем тілмен бейнеленіп, мәтіндер оқушының эмоциялық сезіміне әсер етіп, елге деген сүйіспеншілікті тереңдете түседі.

Сонымен қатар, бірқатар мәтіндерде қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты тәрбиелік мәні зор мәселелер қозғалады. Бұл оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, халықтық мәдени мұраға деген қызығушылығын арттырады. Кейіпкерлердің еңбексүйгіштігі, адалдығы мен жауапкершілігі арқылы оқушылар елге қызмет етудің маңызын түсінеді. Мұндай шығармалар патриоттық тәрбиені адамгершілік құндылықтармен сабақтастыра береді.

2-4-сыныптардағы әдебиеттік оқу пәні патриоттық тәрбие беруде маңызды құрал болып табылады. Ол:

- көркем шығармалар арқылы эстетикалық, адамгершілік және азаматтық тәрбиені жүзеге асырады;
- ұлттық құндылықтар мен әдеби мұралар негізінде жас ұрпақты отансүйгіштікке баулиды;
- пән мазмұнының интеграциялық сипаты оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

2 сыныпта туған өлкені тану мақсатындағы тақырыптар берілсе, 3 сыныпта атақты тұлғаларға мән беріліп, 4 сыныпта сәл күрделі мәселе ретінде «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбына аса маңызды орын беріледі. Сонымен қатар адами құндылықтар, мәдени мұра мәселелері де қоса қарастырылады. Яғни «Әдебиеттік оқу» пәнінің маңызды пән екендігі тақырыптарының ауқымдылығынан көрінеді. Бастауыш сыныптан бастап сауаттылыққа, елі мен жерінің көрінісін аша түсетін, Отан, қала, ауыл туралы мәтіндерге көңіл бөлінген. Жаттығу мәтіндерінде атақты тұлғалар, географиялық танымын кеңейтуге, еліміздің қазба байлықтарымен таныстырады. Патриоттық тәрбие тақырыбы да тыс қалмаған. «Отан», «патриот», «ерлік», «батыр» секілді негізгі ұғымдар қалыптастыра отырып, мұғалімнің сөздік жұмыстары арқылы да жүзеге асады. Оқушыларға патриотизм - Отанына деген махаббатты өзінің күш-жігерімен елдің қуатын нығайтуға бағытталуын талап ететіндігімен түсіндірілген. Халық ауыз әдебиетінің барлық үлгілері баланың бойында шыншылдық, адамгершілік, адалдық, ерлік, батылдық қасиеттерін дамытып, сенімсіздік, қорқақтық, немқұрайлылық секілді қасиеттерден арылуға талпынтады. Оқушылардың бойында моральдік өмірлік құндылықтарды танытуға әсер ететін мәтіндер патриотизм сезімінің қолайлы қалыптасуына әкеледі.

Оқулықта «Менің Отаным – Қазақстан», «Құндылықтар», «Мәдени мұра» тақырыптары қамтылған. Осы мәселелер туралы тақырыптар мен мәтіндерді оқи отырып, ел мен жердің қадірін, «Адами құндылықтар» деген сөздің мән-мағынасын ұлы билердің өнегелі сөзі, кейіпкерлердің жағымды әрекеттері арқылы жүрегіне ұялату, Мәдени мұра – ата-бабамыздың балаларға қалдырған мұрасы, қазақтың сан түрлі өнері, көне қалалар, жәдігерлер, көшпелі халықтың мәдениеті екенін ұғынасың.

Әдібай Табылды «Қайырлы таң, балалар!» өлеңін оқи отыра, балалар «Аман Отан-панамыз» тіркестерін ұғынып, «Отанға қызмет ету» мәселесін талқылайды, «Отан -біздің атамекен» тақырыбын аша түсіп, ойтолғайды. Мұқағали Мақатаевтың «Таудай болғым келеді», Мәди Бәпиұлының «Қазақстанның таулары», «Тұманбай Молдағалиевтің «Отан», Өтебай Канахиннің «Туған жер» шығармаларымен таныса отырып, балалар ауылдың, жергілікті мекенінің байлығы, көркемдігі мәселесі бойынша ой бөлісіп, несімен тартымды, жылы екенін түсінеді. Өйткені отанға деген махаббат туған жерге тағзымнан басталары сөзсіз. Бала жүрегінде осы түсінік ертеден қалыптасу маңызды. Елдің қасиеті де жоғары болмақ. Жеке тақырып ретінде халық ауыз әдебиетінің үлгілері берілген. Батырлар жыры, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегі, айтыс, аңыздар, тұрмыс-салт жырлары – қазақтың болмысын, тарихын, мәдениетін, әдебиетін, тілін, қасиетін қастерлеп, жан-жақты ақпарат беретін мықты құрал. Бала бақшадан бастап, халық ауыз әдебиетінің жыр жауһарларының үйретілетіні де сондықтан. «Тайбурылдың шабысы», Б.Момышұлы, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова, Х.Доспанова сынды батыр ағаларымыз бен апаларымыздың батырлығын, қайтпас қайсарлығын, еліне деген шексіз махаббаты – балалардың бойында ерекше сезім ұялататынын сөзсіз.

Мәселен, 2-сыныптың әдебиеттік оқу оқулығындағы Ж.Аймауытовтың «Қартқожаның туған жері» әңгімесінде мәтіннің негізгі өзегі – Қартқожаның туған ауылына, өз жеріне деген шынайы махаббаты мен ерекше ықыласы. Мысалы, «Оған ауыл біртүрлі жылы, біртүрлі қызықты, ет бауыр жақын болып көрінді» деген сөйлем арқылы туған жердің адамға әрдайым ыстық әрі қымбат екені аңғарылады. Бұл – патриоттық тәрбиенің негізгі бағыты [Әдебиеттік оқу, 2020].

Ал келесі тұста автор туған жерді тек көзбен көріп қана қоймай, иіс, сезім, көңіл күй арқылы бейнелейді:

«Қоңырсыған сүт, қайнатқан қаймақ иісі де тәтті»,
«Түтіннің иісі де күндегіден жағымды тәрізді».

Бұл үзінділер оқушының эмоциялық қабылдауын күшейтіп, туған жерге деген сағыныш пен сүйіспеншілік сезімін қалыптастырады.

Мәтінде халықтық тұрмыс пен ұлттық болмыс, қазақ ауылына тән қойдың өрістен келуі, сиыр сауу, от жағу, ауыл тіршілігі секілді көріністер де бейнеленген. Бұл арқылы ұлттық тұрмыс, еңбекке құрмет, ауыл өмірінің қадірі айқындалады. Ұлттық болмысты тану – патриоттық тәрбиенің негізі.

Мәтіндегі «Кім сүймесін өз жерін? Сүймесе – зердесіз сүймес» деген ой туған жерді сүюді адамның рухани кемелдігінің белгісі ретінде көрсетеді. Бұл оқушыға туған жерге немқұрайлы қарамау қажеттігін ұғындырады. Шығарманың басты кейіпкері Қартқожа – қарапайым ауыл баласы. Оның туған жерін жанындай сүюі оқушыға нақты үлгі ретінде ұсынылады. Бұл - патриоттық тәрбиенің тиімді жолы.

Аталған оқулықта Жақан Смақовтың «Отан» өлеңі де берілген. Өлеңде ақын Отан ұғымын табиғат көріністері арқылы суреттейді. Гүлдердің қауызын ашуы, көктемнің көгілдір аспаны, асқар таулар - барлығы туған жердің сұлулығы мен байлығын танытады. Ақын бұл бейнелерді:

«Өйткені ол Отан -
Ұлы Отан», -
деген жолдар арқылы біртұтас ұғымға біріктіреді.

Өлеңде «ұнатам» сөзінің қайталануы ерекше көркемдік мәнге ие. Бұл тәсіл арқылы автор сүйіспеншілік сезімін күшейтеді. Оқушы туған жерді сүю - оны құрметтеу мен қорғаудың бастауы екенін түсінеді. «Ұлы Отан» тіркесінің қолданылуы елге деген мақтаныш сезімін оятады.

Мұқағали Мақатаевтың «Отан» өлеңінде Отанға деген шексіз махаббат көркем бейнелер арқылы беріледі. Ақын туған елді тірі, жанды құндылық ретінде сипаттайды:

«Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем», -
деген жолдар арқылы ана тілінің ұлт болмысындағы орны айқындалады.

Өлеңде табиғатқа, тіршілікке деген сүйіспеншілік арқылы оқушының экологиялық әрі ұлттық санасы қалыптасады. Лирик ақын Мұқағали Мақатаев шығармалары оқушыларға қосымша оқу әдебиеттері ретінде беріліп, тақырып пысықталады. Дарынды балалармен жұмыс жоспарына да қосылуы әбден мүмкін [Мақатаев М., 2012]:

«Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: “Отан!” деп сыбырлаған»
деген жолдар патриоттық сезімді тереңдете түседі.

3-сыныптың әдебиеттік оқу оқулығында патриоттық тәрбие батырлықтан гөрі туған өлкені тану, табиғатты аялау, еңбекке құрмет арқылы беріледі. Ы.Алтынсариннің «Өзен» өлеңі туған жер табиғатының маңызын түсіндіреді. Оқушы өзеннің тіршілік көзі екенін ұғына отырып, табиғатты қорғау – Отанды сүюдің бір көрінісі екенін түсінеді [Әдебиеттік оқу, 2021]. Сонымен қоса Ыбырай Алтынсариннің шығармалар жинағын үйге тапсырма ретінде қосымша қарау ұсынылады. Өйткені ұлт педагогы Ыбырай Алтынсарин шығармаларымен қосымша танысу, балалардың қызығушылығын арттырып, еңбектің маңыздылығын көрсетеді [Алтынсарин Ы., 2019].

Сол сыныптағы Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ» әңгімесі патриоттық тәрбиенің адамгершілік бағытын ашады. Бұлақтың тазалығы адам жанының тазалығымен салыстырылады. Шығармада табиғатты аялау – азаматтық міндет екені көрсетіледі. «Ей, жолаушы, болсаң

осы бұлақтай таза бол» деген өсиет сөздер оқушыны рухани тазалыққа, адалдыққа тәрбиелейді.

4-сынып оқулығындағы Ә.Тәжібаевтың «Толағай» шығармасы ел қорғау, батырлық, халыққа қызмет ету идеяларын қамтиды. Басты кейіпкердің ерлігі мен жауапкершілігі оқушыға азаматтық борыштың мәнін түсіндіреді. Толағайдың ел үшін жанқиярлық танытуы жас ұрпаққа патриоттық үлгі ретінде ұсынылады [Әдебиеттік оқу, 2022]. Бастауыш сынып мұғалімі оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізгенде де осы аталған ақынның шығармаларымен таныстыруды жалғастырса ғылыми тұрғыдан дұрыс бағыт алары сөзсіз [Тәжібаев Ә., 2010].

«Әдебиеттік оқу» оқулығының ерекшелігі - мәтінді талдай отырып, сөздің этимологиясына, шығу тарихына, берілген көріністің сипаттамасына көп көңіл бөлінуінде. Сонымен қатар берілген өлеңдерді оқыта отырып, мұғалім сөз құдыретіне тоқталады. Себебі оқушы туған тілдің сөзі – ең алдымен халықтың тарихы, оның даму тарихы және де оның әлем тілдері арасындағы айрықша орны екенін сезіну керек. Мұғалім өлеңді оқыған кезде сол суретті көз алдарына елестету арқылы баланың бойындағы әртүрлі эмоцияларға, сезімге жол ашады. Тапсырма соңында оқушының өз ойымен бөлісуді, өзінің бір ұнататын табиғаттағы көрінісі туралы, қатты ұнаған гүлдері туралы сұрақ қоя отырып, табиғатқа, әдемілікке тартылуды, аялауды, туған жерінің ерекешілігін сезінуді сіңіріп отырады.

«Дені сау және қалыпты дамып келе жатқан баланың табиғи қажеттіліктерімен қатар психологиялық қажеттіліктері де бар екені белгілі; мәні бойынша өзгермейтін қажеттіліктер бар сияқты. Ауызша және жазбаша жұмыстар осы қажеттіліктерді қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады» [Mukhtarkyzy A.Z., 2022] .

Диктант пен мазмұндама жаздыртып, үй жұмысын сұраған уақытта мәтіннің негізгі идеясын, ойын ашып ала отырып, патриотизм мен азаматтық қасиетін қалыптастыруға бұру мақсаты да жоқ емес. Сонымен қатар өзіндік жұмыстарда балаларға сөздікпен жұмыс жасай отырып, сөздің мағынасын ашуды, «патриот», «Отан», «батыр», «ерлік», «батылдық» секілді сөздердің өз бетімен білуге итермелейді.

Түркияда патриотизм ұлттық бірегейлік негізі болып саналады, ал армия қоғам санасында негізгі орынға ие, яғни, қоғам мен мемлекеттің мықты байланысын қалыптастырады. Өзара сый-құрметке, жауапкершілікке және Отанға деген сүйіспеншілікке негізделген қоғам мен мемлекет арасындағы мұндай үйлесімді одақ тиімді азаматтық бауырластықтың қалыптасуына ықпал етеді [Zhengisbek T., 2014].

Беларусьта отбасы патриоттық тәрбиенің маңызды құрамдас бөлігі болып саналады, арнайы бағдарламалар және ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету арқылы жүзеге асатын мемлекеттік қолдаудың арқасында жастарды құндылықтарға және жауапкершілікке үйретеді. Бұл тәжірибе мәдени бірегейлікті сақтау, отбасы институтын нығайту және патриоттық құндылықты қалыптастыру тұрғысынан тағылымды [Zhengisbek T., 2014].

Ресейде әскери-патриоттық тәрбиенің кешенді жүйесі қалыптасқан: мамандандырылған орталықтар, қорғаныстық-спорттық лагерьлер, білім беру ұйымдарына құрметті атау беру. Бұл тетік мектептерді, колледждер мен жоғары оқу орындарын патриоттық тәрбиені белсенді дамытуға ынталандырады, олардың қоғамдағы беделін арттырады және жастарды азаматтық-патриоттық тұрғыдан тәрбиелеу саласында үздік білім беру мекемесі мәртебесіне қол жеткізу жолында сапалы бәсекелестік тудырады [Zhengisbek T., 2014].

Қытайда патриоттық тәрбие бағдарламаларды жүйелі түрде жаңартуға, мәдени-тарихи мұраға басымдық беруге және жастарды белсенді тартудың әртүрлі нысанын дамытуға негізделген. Ауқымды қамту мен жоспарлы тәсіл жастар бойында тұрақты азаматтық және патриоттық бағдарды қалыптастыруға ықпал етіп, әскери-патриоттық тәрбиенің сапасы мен тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді [Zhengisbek T., 2014].

2002 жылы Жапония үкіметі «Елге деген терең сүйіспеншілік сезімі» атты жоғары сыныптарда оқытудың алты жылдық бағдарламасының негізгі мақсаты ретінде 2003 жылы Үкіметтің «Жапониядағы сөз бостандығы және патриотизм туралы» қаулысымен бағалау жүйесі енгізілді. 11 жастан бастап барлық оқушылар «патриотизмді» білгені үшін бағаланады. Олардың бағалары олардың үлгерім табеліне енгізілді. Бұл Жапония елінің балаларды бастауыш сыныптан бастап, париотттылыққа тәрбиелеудің негізгі құралы есептеді [Zhengisbek T., 2014].

АҚШ-та патриоттық тәрбиені дамыту ең басты орынға қойылған. Бұл орайда үкіметте елеулі рөл азаматтық қоғам институттары атқарады. Отансүйгіштікке ата-аналар, мектептер, университеттер және бүкіл қоғам болып АҚШ азаматтарын ерте жастан тәрбиелейді. АҚШ-та Патриот күні 11 қыркүйекте атап өтіледі [Zhengisbek T., 2014].

Эфиопияның білім беру саласында білім беру қоғамда табысты жұмыс істей алуы үшін жалпы қабылданған әлеуметтік нормаларға, құндылықтарға, бағынуға, міндеттемелерге, жауапкершілікке, сондай-ақ мінез-құлықтың қолайлы және қолайсыз әлеуметтік үлгілеріне үйрету арқылы оқушылардың өзара тәуелді «мен» деген түсінігін қалыптастыра отырып, олардың тұлғалық дамуына ықпал етуі тиіс [Zerihun T., 2024].

Аталған шетелдік тәжірибе әскери-патриоттық тәрбие ісін жүйелі түрде жолға қоюдың маңызын көрсетеді, мұнда тәрбие жұмысы негізгі мемлекеттік институттарға интеграцияланып, отбасынан бастап білім беру жүйесіне дейін қоғамның түрлі деңгейін қамтиды.

Біздің елімізде 2022-2023 оқу жылында 5-11 класстарға арнап «Патриотизм және жаһандық құзыреттер» курсы факультатив форматында оқытылатыны баршаны қуантқаны сөзсіз. Өйткені патриотизм ұғымы әр оқушының жадында ойып тұрып орын алуы қажет. Отбасындағы тәрбиеден бастап, мектептегі жеті сайын жоғарғы сыныптармен қатар бастауыш класс оқушыларының бір жиналыста тұрып, Қазақстан Республикасының гимнін шырқауы - қазіргі таңда аздық етуде. Қазақстандық патриотизм, елжандылық, ұлтжандылық ұғымдарын күнделікті құлағына сіңіріп, ұғып, ажырата алған баладан болашақта елі мен жерін, тілі мен ділін құрметтей алатын, үлгі көрсететін ел балалары шығары анық. Курс мынадай модульдерден тұрады: «Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері», «Азаматтық», «Парасаттылық пен әдеп», «Экология мәдениеті», «Сыни тұрғыдан ойлау», «Зайырлылық және дінтану негіздері», «Медиа сауаттылық». Сынып пен жас ерекшелігіне байланысты бағыттар бөлінетін болады. Осыған орай туған еліміздің тарихы мен мәдениеті, әдебиеті мен тілі, қалыптасуы мен көрші мемлекеттер арасындағы байланыс, экономикалық ахуалы мен діни мәселелері, экологиялық жанашырлық пен жан-жақты сауаттылық актуалды мәселе болып, күн тәртібінен түспегенін атап өткен жөн.

Жоғарғы оқу орындарының педагогикалық бағытта мұғалімдерді дайындайтын филология білім беру бағдарламасында «Аймақтық әдебиеттану» курсы бірнеше жылдан бері өткізіледі. Оған Ақтөбе өңірінен шыққан Нұрпейіс Байғанин, Айса Байтабынов, Сарышолақ Боранбайұлы, Ақпан Әйтбекұлы, Әбубәкір Кердері, Жөкей Шаңғытбайұлы секілді елі мен жерінің мұңын мұңдап жыр жазған, атқа мініп, қазағын қорғаған жыр дүлділдері енеді.

Туған жерінің тарихын білу, тарихи шығармалар жазу, кіші Отанының тау, тасын жырға қосу – барлық ақын-жыршылардың үлесінде бар. Ақтөбе өңірінің ақындарының қай кезеңін алсақ та бұл тақырыптан ешкім аттап кеткен емес. Жыр дүлділі Нұрпейіс Байғанин, жауынгер ақын Сарышолақ Боранбайұлы, ақпа ақын Ақпан Әйтпекұлы, Шайыр Әбубәкір Кердері, Ақтан Керейұлы, эпик ақын Жөкей Шаңғытбайұлы т.б. да қалам тербетіп, елінің тарихына тоқталып, тыңдаушының бойында жеріне деген маххабатын оята білді.

Ақтөбе Өңірлік Қ.Жұбанов атындағы университтің 6В01301 – «Педагогика жән бастауышта білім беру» білім беру бағдарламасының 45 пәнінің ішінде «Ұлттық руханият» пәні, «Бастауыш мектепте әдебиеттік оқу пәнін оқытудың әдістемесі», «Бастауыш мектепте тәрбие

жұмыстарының теориясы мен әдістемесі», «Бастауыш мектепте әдебиеттік оқу пәнін оқытудың теориясы мен әдістемесі», «Бастауыш мектеп оқушыларының өз бетімен оқу дағдысын қалыптастыру», «Современный детский литературный процесс» секілді баланың патриоттық тәрбиесін жан-жақты дамытатын пәндер өткізіледі.

Сонымен қоса 2024 жылы қабылданған «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында білім беру ұйымдарында патриоттық жұмыс жүйелі түрде жүргізілуде – Мемлекеттік Гимнді орындау, тақырыптық іс-шаралар өткізу, әскери мамандармен және ардагерлермен кездесу енгізілуде. Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеудің 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының жұмыс жасауы өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбиенің маңызын басты назарда ұстауға жақсы мүмкіндік.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6 және 27-баптарына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-1 тармақшасына, Республикалық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 22 қыркүйектегі қорытындысына сәйкес, Ақтөбе қаласының тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Ақтөбе қаласының әкімдігі Ақтөбе қаласының құрамдас бөліктеріне Ақтөбе өңіріне еңбегі сіңген, жыр-дастандарымен еліміздің мұң-мұқтажын, келелі мәселелерін көтерген, патриот ақын-жыршылардың (ескі Степной көшесі – Сары Батақұлы көшесіне, Машиностроителей көшесі – Сарышолақ Боранбайұлы көшесіне, 12 мөлтек ауданындағы жаңа көше – Ақтан Керейұлы көшесіне, Красногорская көшесі – Әбубәкір Кердері көшесіне ауысты) есімдері берілгендігі – жас ұрпақ бойында мықты рухты тәрбиелеп, мақтаныш сезімін туғызатынына сенімдіміз [ҚР Заңы, 2001].

Қорыта айтқанда, патриоттық тәрбиенің өзегі – Отанға деген сүйіспеншілік. Әдебиеттік оқу пәніндегі көркем шығармалар арқылы оқушылардың елге, жерге, табиғатқа, ұлттық құндылықтарға деген құрметі қалыптасады. Сондықтан бұл пән патриоттық тәрбиенің маңызды тетігі болып табылады.

Қазақтың ұлттық тәлім-тәрбиесі туралы ой қозғап, тебірене әңгімелеген қазақтың біртуар азаматы, ғалым Қ.Жарықбаев ұлттық психологияның да жастай балаға сіңіріліп оқытылса, барлық адами құндылықтар баланың бойына жинақталып, біреу болмаса, аз пайызы есте қалатынын алға тартады [Қалиев С., Жарықбаев Қ., 2020].

Тақырыптың маңыздылығы келесі мәселеден көрінеді: патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихы мен әдебиетін оқудан көрініс тапса игі. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені, ақын-жыраулардың шығармалары тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. М.Пришвиннің «Өз Отаныңды жақсы көру – оны білумен пара пар» деген анықтамасы сөзімізге дәлел.

Әлемдік жаһандану жағдайында біздің тарихи және қазіргі мәдени-рухани мұрамызды сақтау және көбейту қажет. Зерттеу жұмысының құндылығы осында жатыр. Еліміздің елдігін бастауыш мектептен бастап сақтап қалуды үйрету.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

ҚР Заңы (2007) Білім туралы: *Қазақстан Республикасының Заңы*, Астана, 27 шілде, 319-III [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_ (өтінім берілген күні: 27.01.2026).

Kairova A., Tulebayeva K., Alieva A., Idrissov S., Maydangalieva Zh. (2025) Fostering Patriotic Culture of Primary Schoolchildren in Kazakhstan. *Journal of Social Studies Education Research*, 16(4), 353-379 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.jsser.org/index.php/jsser/article/viewFile/6515/764 (өтінім берілген күні: 26.01.2026).

Ермуханова И.Ж., Дуйсенбаев А.К. (2023) Бастауыш сынып оқушыларын Сарышолақ

Боранбайұлы (Ақтөбе өңірі) шығармалары арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. *Педагогика және психология*, 1(54), 156-166. DOI: https://doi.org/10.51889/2077-6861.2023.1.30.014 [Электрондық ресурс]: URL: https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1145/903 (өтінім берілген күні: 27.01.2026).

Сыдықова Р.Ш., Мухамеджанова И. (2022) Бастауыш сынып оқушыларының патриотизмін қалыптастыру технологиясы. *Ясауи университетінің хабаршысы*, 1(123), 219-228. DOI: https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.19 [Электрондық ресурс]: URL: https://journals.ayu.edu.kz/index.php/habarshy/article/view/673/298 (өтінім берілген күні: 26.01.2026).

Дуйсенбаев А.К. (2021) Қазақ халқының этномәдени мұраларындағы патриоттық тәрбие. *Педагогика және психология*, 4(49), 260-237 [Электрондық ресурс]: URL: https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped (өтінім берілген күні: 26.01.2026).

Әдебиеттік оқу (2020) *2-сыныпқа арналған оқулық*. Алматы: Атамұра, 220.

Мақатаев М. (2012) *Өлеңдер мен поэмалар*. Алматы: Жазушы, 255.

Алтынсарин Ы. (2019) *Таңдамалы шығармалар*. Алматы: Жазушы, 288.

Тәжібаев Ә. (2010) *Шығармалар жинағы*. Алматы: Ана тілі, 272.

Mukhtarkyzy A. Z., Khalitova I., Kassimbekova B., Atemkulova N., Smailova F.I., Boranbayeva A. (2022) The use of fairy-tale therapy technology by teachers in the formation of children's communication skills. *World Journal on Educational Technology*: Current Issues, 14(4), 1065-1076. DOI: https://doi.org/10.18844/wjet.v14i4.7675 [Электрондық ресурс]: URL: https://un-pub.eu/ojs/index.php/wjet/article/view/7675 (өтінім берілген күні: 27.01.2026).

Zhengisbek T., Slushash T.,Elnura A., Nurken A. (2014) Formation of civil and patriotic education of youth in Kazakhstan. *Procedia - Social and Behavioral Sciences,* 116, 4859-4863 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042814010556 (өтінім берілген күні: 23.03.2026).

Zerihun T., Dawit M. (2024) Developing good person and citizen through civic and ethical education in Ethiopia: A content analysis of secondary school textbooks. *Social Sciences & Humanities Open*, 10, 100913 [Электрондық ресурс]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2590291124001104 (өтінім берілген күні: 23.03.2026).

ҚР Заңы (2001) Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы: *Қазақстан Республикасы Заңы*, 23 қаңтар [Электрондық ресурс]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148 (өтінім берілген күні: 26.01.2026).

Қалиев С., Жарықбаев Қ. (2020) *Қазақ тәлім-тәрбиесі*. Алматы: Санат, 352.

References

KR Zany (2007) Bilim turaly: Kazakstan Respublikasynyn Zany, Astana, 27 shilde, 319-III [Electronic resource]: URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_ (date of access: 27.01.2026).

Kairova A., Tulebayeva K., Alieva A., Idrissov S., Maydangalieva Zh. (2025) Fostering Patriotic Culture of Primary Schoolchildren in Kazakhstan. *Journal of Social Studies Education Research*, 16(4), 353-379 [Electronic resource]: URL: https://www.jsser.org/index.php/jsser/article/viewFile/6515/764 (date of access: 26.01.2026).

Ermukhanova I.Zh., Dujsenbaev A.K. (2023) Bastauysh synyp oқushylaryn Sarysholak Boranbajuly (Aktobe oniri) shygarmalary arkyly otansujgishtikke tarbieleu. *Pedagogika zhane psihologiya*, 1(54), 156-166. DOI: https://doi.org/10.51889/2077-6861.2023.1.30.014 [Electronic resource]: URL: https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1145/903 (date of access: 27.01.2026).

Sydykova R.Sh., Muhamedzhanova I. (2022) Bastauysh synyp okushylarynyn patriotizmin kalyptastyru tekhnologiyasy. *Yasaui universitetinin habarshysy*, 1(123), 219-228. DOI: https://doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.19 [Electronic resource]: URL: https://journals.ayu.edu.kz/index.php/habarshy/article/view/673/298 (date of access: 26.01.2026).

Dujsenbaev A.K. (2021) Kazak halkynyn etnomadeni muralaryndagy patriottyk tarbie. *Pedagogika zhane psihologiya*, 4(49), 260-237 [Electronic resource]: URL: https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped (date of access: 27.01.2026).
Adebiettik oku (2020) *2-synypka arnalgan okulyk*. Almaty: Atamura, 220.
Makataev M. (2012) *Olender men poemalar*. Almaty: Zhazushy, 255.
Altynsarin Y. (2019) *Tandamaly shygarmalar*. Almaty: Zhazushy, 288.
Tazhibaev A. (2010) *Shygarmalar zhinagy*. Almaty: Ana tili, 272.
Mukhtarkyzy A. Z., Khalitova I., Kassimbekova B., Atemkulova N., Smailova F.I., Boranbayeva A. (2022) The use of fairy-tale therapy technology by teachers in the formation of children's communication skills. *World Journal on Educational Technology*: Current Issues, 14(4), 1065-1076. DOI: https://doi.org/10.18844/wjet.v14i4.7675 [Electronic resource]: URL: https://un-pub.eu/ojs/index.php/wjet/article/view/7675 (date of access: 27.01.2026).
Zhengisbek T., Slushash T.,Elnura A., Nurken A. (2014) Formation of civil and patriotic education of youth in Kazakhstan. *Procedia - Social and Behavioral Sciences*, 116, 4859-4863 [Electronic resource]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042814010556 (date of access: 23.03.2026).
Zerihun T., Dawit M. (2024) Developing good person and citizen through civic and ethical education in Ethiopia: A content analysis of secondary school textbooks. *Social Sciences & Humanities Open*, 10, 100913 [Electronic resource]: URL: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2590291124001104 (date of access: 23.03.2026).
KR Zany (2001) Kazakstan Respublikasyndagy zhergilikti memlekettik baskaru zhane ozin-ozi baskaru turaly: *Kazakstan Respublikasy Zany*, 23 kantar [Electronic resource]: URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148 (date of access: 26.01.2026).
Kaliev S., Zharykbaev K. (2020) *Kazak talim-tarbiesi*. Almaty: Sanat, 352.

Поступила в редакцию: 01.02.2026
Одобрена: 28.03.2026
Первая публикация: 26.06.2026

МРНТИ: 14.35.07 https://doi.org/10.65247/3136-8042-2026-3.07

«СТУДЕНТТІҢ ЦИФРЛЫҚ ЭКОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ГИГИЕНАНЫҢ ТҰЛҒАНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ»

*[1]Л.САДИХ , [1]Г.Г.ЖУСУПБЕКОВА
[1]Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті
(Көкшетау, Қазақстан)
*sadikhlashyn007@gmail.com, g.g.zhussupbek@shokan.edu.kz

Аңдатпа. Бұл зерттеу студенттің цифрлық экологиясы жағдайында цифрлық гигиенаның тұлғаның тұрақты дамуына ықпалын кешенді талдауға бағытталған. Қазіргі цифрландыру үдерісі студенттердің өмір сүру кеңістігін түбегейлі өзгертіп, олардың оқу, қарым-қатынас және өзін-өзі дамыту әрекеттерін цифрлық ортада жүзеге асыруына жағдай жасауда. Осындай жағдайда цифрлық гигиена - ақпараттық қауіпсіздікті сақтау, уақытты тиімді басқару, онлайн ортадағы мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және психологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету құралы ретінде маңызды мәнге ие. Зерттеу нысаны - студенттің цифрлық экологиясы, ал зерттеу пәні - цифрлық гигиена дағдылары мен тұлғаның тұрақты дамуы арасындағы өзара байланыс. Зерттеудің мақсаты - студенттердің цифрлық гигиена деңгейін анықтау және оның интеллектуалдық, эмоционалдық және әлеуметтік тұрақтылық көрсеткіштеріне ықпалын айқындау. Зерттеу барысында сауалнама, бақылау, талдау және салыстырмалы әдістер қолданылды. Алынған нәтижелер жоғары оқу орындарында студенттердің цифрлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламаларын жетілдіруге негіз бола алады.

Түйін сөздер: цифрлық экология, цифрлық гигиена, тұлғаның тұрақты дамуы, студент, ақпараттық қауіпсіздік, психологиялық тұрақтылық.